



ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЖОСПАР:

1. Жеке адам туралы жалпы түсінік.
2. Жеке адам құрылымы.
3. Жеке адам бағыттылығының компоненттері.
4. Психологиядағы жеке адам теориясы
5. жеке адамның өзіндік сана-сезімі: “Мен” бейнесі, талпыныс деңгейі, өзін-өзі қорғаудың психологиялық механизмі

"Жеке адам" түсінігімен қатар біздің қолданымымызда "адам", "дара адам", "даралық" терминдері бірге жүреді. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір – бірімен тығыз байланысты.

Осылардың ішінде ең жалпыланған, көп қажеттердің бірігуін - "адам" түсінігі қамтиды. Адам - өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі.

Адам- бұл, ең алдымен, Homo Sapiens түріндегі сүт қоректілер класына жататын биологиялық тіршілік иесі. Жануарлардан айырмашылығы адамда сана бар, яғни ол сыртқы ортаның мәнін де, өз жаратылысын да танып біледі және осыған орай парасатты түрде, ойлап әрекет жасайды.

Адам биологиялық тек ретінде негізгі ерекшеліктері мыналар болып танылатын айрықша дене бітімімен сипатталады: денесін тік ұстап жүру, тану мен еңбекке бейімделген екі қолының болуы, әлеуметтік жағдайларда өмірді өз танымында бейнелеп және оны өз қажеттілігіне, мүддесі мен мұраттарына қарай қайта құруға бейім жоғары дәрежеде дамыған миының барлығы.

Дара адам - "homo sapiens" тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі – нақты адам.

Даралық – нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылданған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері.

Даралық дегеніміз- өзіндік өзгешелігі бар жеке адам.

Жеке адам - қоғамда белгілі бір жағдайға ие және белгілі бір қоғамдық роль атқаратын, саналы индивид.

Роль дегеніміз- жеке адамның атқаратын әлеуметтік қызметі, мәселен, ата- ананың ролі- балаларын тәрбиелеу, мектеп директорының ролі- мұғалімдер коллективін басқару және оқушыларды оқыту процесін ұйымдастыру.

Жеке адам позициясы дегеніміз- оның қатынастырының жүйесі. Жеке адамның мәнді қатынастарында: өмірдің материалдық жағдайларына, қоғамға және адамдарға, өзіне, өзі мойынына алған міндеттерге, қоғамдық, еңбек міндеттеріне, деген т.б. қатынастар жатады. Бұл қатынастар жеке адамның адамгершілік бейнесін, оның әлеуметтік бағдарын сипаттайды.

- Жеке адам көп сатылы құрылымға ие. Осыдан жеке адам психологиялық құрылымының ең жоғарғы да жетекші деңгейі **қажеттік – себеп аймағы** – жеке адамның бағыт – бағдарынан, оның қоғамға, басқа тұлғаларға, өзіне қатынасынан және қоғамдық әрі еңбектік міндеттерінен туындайды. Сонымен бірге, жеке адам үшін мәнді құбылыс тек оның ұстанған бағыттары ғана емес, оның өз қатынас мүмкіндіктерін іске асыру қабілеті де үлкен маңызға ие. Ал, бұл өз кезегінде адамның іс - әрекеттік икемділігіне, оның қабілеті, білімі және ептілігіне, көңіл – күй, еріктік және ақыл – ой сапаларымен байланысып жатады.

Адамның жеке адам болып қалыптасуында биологиялық және әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Қоғамдық қатынастарға араласып және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қалып қоймайды. әрқандай дара тұлға өз дербестігі мен ерекшелігіне ие. Жеке адамның *дербестігі* оның ең жоғары психикалық сапасы – рухани дүниесімен ұштасады. Рухани дүние дегеніміз – адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпы адамзаттық инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы. Жеке адамның рухани жетілгендігі – бұл жоғары дәрежедегі саналық жетілу, ізгі мұраттарды басшылыққа алу, сонымен бірге, жаман ниеттер мен мезеттік шен – шекпеннен, жалған белсенділік пен өтірік - өсектен өзін аулақ ұстай алуы.

Жеке адамның дамуы, яғни оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы белгілі қоғамдық қолдау мен әлеуметтік қажетсізуді керек етеді. Дара адамның жеке адам санатына көтерілуі үшін маңызды факторлар: **идентификация**, яғни дара адамның өзін басқа адамдармен теңестіре, қоғам талабына сай болу ниетімен қалыптасып бару процесі; **персонализация** – дара адамның өз басының басқа адамдар өмірінде қадірі барын түсіне білуі, сонымен бірге, нақты әлеуметтік топта өзінің кісілік мүмкіндіктерін іске асыра алуы.

Басқа әлеумет мүшелерімен жеке адам өз "Мені" негізінде қатынас түзеді. Ғылымда "**жеке адамдық рефлексия**" деп аталған бұл "Мен" ұғымы өзі ішінде әр адамның өз жөніндегі танымын, өз мүмкіндіктерін және өз қадірін сезе білу сияқты сапаларын қамтиды.

Жеке адамның дамуы, яғни оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы белгілі қоғамдық қолдау мен әлеуметтік қажетсінуді керек етеді. Дара адамның жеке адам санатына көтерілуі үшін маңызды факторлар: **идентификация**, яғни дара адамның өзін басқа адамдармен теңестіре, қоғам талабына сай болу ниетімен қалыптасып бару процесі; **персонализация** – дара адамның өз басының басқа адамдар өмірінде қадірі барын түсіне білуі, сонымен бірге, нақты әлеуметтік топта өзінің кісілік мүмкіндіктерін іске асыра алуы.

Басқа әлеумет мүшелерімен жеке адам өз "Мені" негізінде қатынас түзеді. Ғылымда "**жеке адамдық рефлексия**" деп аталған бұл "Мен" ұғымы өзі ішінде әр адамның өз жөніндегі танымын, өз мүмкіндіктерін және өз қадірін сезе білу сияқты сапаларын қамтиды.

Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды – көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны "жеке адам" етеді.

Жеке адам құрылымы

Іс-әрекет		Қарым-қатынас		
Мотив		Өзіндік сана-сезім		
Аңғарылған	Аңғарылмаған	«Мен» бейнесі	Талпыныс деңгейі	
Қызығу Қажеттілік талғам	Бағдар Елігу			

Жеке адам бағыттылығының компоненттері

түрткі

Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды.

қажеттілік

Жеке адамды қандай болмасын әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушы мотив – оның түрлі қажеттері, яғни бір нәрсеге мұқтаждануы. Адамның қажеттері қоғамдық еңбекте, еңбек ету процесінде қалыптасқан. Сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ерекше маңыз алған

➤ материалдық қажеттер (тамақ, баспана, киім, еңбек құралдары) болады.

➤ рухани қажеттерді (білім, көркемөнер т.б.)

Қажеттерді өтеу арқылы адам тиісті құралдарды іздестіріп солардың күшімен, түрлі теориялық, практикалық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік алады. Өйткені қажет – адамның ойлау қызметін тудыратын негізгі себептердің бірі болып табылады, білдіріп қана қоймай, ол заттарды өз қажетіне байланысты өзгертуге, қайтадан жасауға әрекет етеді.

<i>Қызығу</i>	Шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі. Қызығудың физиологиялық негізі – “бұл не?” дейтін рефлекс. Қызығулар өзінің мазмұны мен бағытына қарай: материалдық, қоғамдық, саяси, кәсіптік, эстетикалық, оқырмандық, спорттық, танымдық және т.б. болып келеді.
<i>Дүниетаным</i>	– адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі. Адамдардың дүниетанымы мистика мен идеализмге жат, дәйекті ғылыми – материалистік дүниетаным. Оның басты ерекшелігі – ғылымға негізделетіндігі. Бірден – бір ақиқат – дүниенің даму заңдарын дұрыс түсіндіретін ғылымға негізделген дүниетаным ғана адам психологиясына дұрыс бағыт береді. Адамдардың дүниетанымы ұжымшылдықты, гуманизмді (еңбек адамын құрметтей білу), оптимизмді (жарқын болашаққа сену) дәріптеп қоймай, әр адамды дүниені қайта құру жолындағы жан – қиярлық күреске баулиды.
<i>Сенім</i>	Адамның алдына қойған мақсатының айқын болуы, дүниетанымының өмірмен байланыстылығы берік <i>сенімнен</i> туады. Сенім жоғалған жерде тіршіліктің мәні де шамалы. Сенім – пікір талас, көзқарас қақтығысында, империализмге кең қол ашылғанда ғана шыңдала түседі.

<i>мұрат</i>	Жеке адам психологиясынан елеулі орын алатын қасиеттердің бірі – талғам. Бұл – адамның өзіне өмірден өнеге іздеуі, біреуді ардақ тұтып, қастерлеуі. Мұрат – адамның алдына қойған ең ардақты, ең асыл мақсаты. Адам осыған жету үшін қолдан келгеннің бәрін пайдаланады. өзін тәрбиелеуге кіріседі.
талғам	Жеке адам психологиясынан елеулі орын алатын қасиеттердің бірі – талғам. Бұл адамның дүниетанымы мен сеніміне, өмірлік позициясына, бағыт пен мұратына, бағытына, мақсатына байланысып жатады. Талғамға адамның білімі, тәрбиесі, ортасы, тәжірибесі де елеулі әсер етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Сонымен, адам дегеніміз биологиялық, психикалық және әлеуметтік сапалардың біртұтас бірлігі болып табылады. Олар екі қасиеттен: табиғи және әлеуметтік, тұқымқуалаушылық және өмірде меңгерілетін қасиеттерден қалыптасады. Алайда жеке адам биологиялық, психикалық және әлеуметтік жақтардың жасай арифметикалық қосындысы емес, олардың табиғи бірлігі екенін білу керек.
- Қоғамдық ғылымдардың да, сондай-ақ күнделікті тұрмыста да, «жеке адам», «даралық» түсініктері кеңінеп қолданылады. Соның өзінде олар ие бір мағынада алынады да, не бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Мұның алғашқысы да, кейінгісі де қате пікір.